


Қазақ тарихы қашанда текті тұлғалардан кенде болмаған. Ұлы даланың дегдар қасиетін тұла бойына сіңіріп, оны қараша халықтың игілігіне жарата білген қаншама оғыландар, дана билер мен баһадүр батырлар өтті. Олар өмірден кетсе де, көңілден бір сәт өшкен жоқ. Халқымыздың «Жаксы-

екеуіміздің бір-бірімізге деген шынайы құрметіміз, сыйластығымыз өрбіді, туған ағадай араластық. Ол кезде Акселеу «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетінің Қарағандыдағы меншікті тілшісі болып істесе керек. Кейін қызмет



Дарига - дәурен

Акселеу Жайлым Айтәз...

ның аты, ғалымның хаты өлмейді» деген даналық сөзі өте орынды айтылған. Менің досым, Алаштың Акселеуі сондай текті тұлғалардың бірегейі еді. Акселеудің өзі абызға, өмірі аңызға айналды. Ол саналы ғұмырында қазақ тарихын, дәстүрі мен мәдениетін «көктей шолып» (өз сөзі), ұлт танымының көкжиегін барынша кеңейтіп кеткен тұлға. Оның әр сөзі «күңгір-күңгір күмбездерден» нәр алып, күй болып төгілді. Қазақ шежіресінің алып бәйтерегін тұрғызып, соның саясынан саһар жұртына самал жұтқызды.

Мен Акселеу досым бақилыққа аттанғанда «Аңыздың ақыры немесе Акселеумен қоштасу» деп қазанама жазып едім. Кейін ойланамын, япыр-ау, капелімде

бабымен Алматыға ауысты.

80 жылдардың бас кезі болатын. Бір күні Акселеу Алматыдан телефон шалып, амандық-саулық сұрасқан соң: «Темеке, мен «Білім және еңбек» журналына қызметке ауыстым. Баяғы айтқан мәселеніңді енді өзіңіз бастаныз» деді. Мен: «Ол қандай мәселе? Ойыма түспей тұрғаны» дедім. Сөйтсем, Акселеуім осыдан біраз жыл бұрын университеттегі кездесуде көтерілген мәселені айтып тұр екен. «Осыдан біраз жыл бұрын ҚарМУ-де «Білім және еңбек» журналында физика туралы ештеңе жазылмайды деп сынап едіңіз ғой. Міне, енді сізге қолқа салып, өзіңіз зерттеп жүрген кристалдар туралы оқушыны қызықтыратындай мақала сұраймыз» деп, мойындап қой-

міндет - сол үлкен істің жобасын жасау керек екен. Акселеуге бір жыл көлемінде салынып бітетін ғимараттың басшысы болуға өтініш түсіпті. «Екі-үш ай болды, сол жобаның жұмысымен шұғылданып жатырмын. Сіз әлемнің көптеген мемлекеттерін аралап, қарап жүрсіз. Сол жөнінде ақылдасайық, - деп бастады әңгімесін. - Біздің қазақ елі Ұлы мемлекет болған ғұн, түрік қағанаттарының жұртының сақ жалғасы, тікелей сабақтасы болып, саналды» деп өрбітіп жатыр еді, мен: «Акселеу, тоқтай тұр. Бұл мәселеде саған дұрыс жұп бола алмаймын. Осы жағдайда білімім нөлге жақын. Алматыда менен басқа да мамандар жетіп жатыр ғой, солармен ақылдасқаның жөн. Менен ешқандай ақыл-кеңес бол-

осы сөз аузыма қалай түсті екен. Аңыздың ақыры ... Бәлкім сары майдан қыл суырғандай сырбаз сөйлейтін санлақ досымның үнін енді естімейтінімді, Алаштың тарихын абыздарша толғайтын ақылманымды енді қайтып көрмейтінімді ойласам керек. Сөз өнері мәдениетінің асқар білгірі, телегей теңіз тәмсілдің кайнар бұлағы сияқты Ақселеу аңызының ақыры бітпей қалған сияқты көрінді маған. ..Енді, міне, Ақселеуге деген сағыныш сары белдің сағымындай бұландап, керуен күндердің көкжиегіне ұзап барады. Жаксылар туралы естелік жазу қашанда қиын. Әрі ол адам өзіне сыйлы, аса құрметті болса...

Ақселеу туралы естелік жазмау деген ой үш ұйықтасам түсіме кірмейтін еді. Алла Тағаланың ісіне шара жоқ. Дегенмен, ұлы еді ғой. Адамзат өмірінде жазылмаған заңдылық бойынша, шын ұлылар өздерінің ұлы екенін сезбейді, тіпті, елемейді де. Қарапайым калпынан бір жазбаған Ақселеудің осы қасиетін біреулер мойындаса, біреулер білгісі де келмеді... Әсіресе, қазақтың шежіресін тарихын ол кісіден артық білетін адам жоқ десе болады.

Ақселеумен таныстығым 1973-1974 жылдары басталды. Қарағанды университеті ашылып, оқу жұмыстары жүргізіле бастаған кезі. Жастарға арналған ғылыми-көпшілік журнал «Білім және еңбектің» редакция алкасы университет ұжымымен кездесу өткізетін болды. Бас гимараттағы (ол кезде Гоголь көшесінде) келелі кездесудің тізгінін қолына алған Евекең (Евней Бөкетов) жиынды басқарып отырды. Мен де мінбеге шығып, алқа мүшелеріне: «Журналдарыңызға жаратылыстану ғылымдары туралы мүлдем мақала бермейсіздер, жастарды ғылымға тарту үшін, онда ашылып жатқан жаңалықтарды жиі жариялап тұру керек» деген сияқты біраз мәселелердің басын аштым. Кездесудің соңына қарай алқаның бір мүшесі шығып, физикадағы небір жаңалықтар түгілі бағдарламасына сәйкес жаратылыстану пәндеріне қатысты қызықты әрі ғылыми тақырыпта материал жазатын және оны оқитын адам жоқтығын айтты. Мен әлгі кісінің өктем үніне қарсы шығып, оқитын да жазатын да жастар бар, тек оларды іздеп тауып, басылымға тарту керектігін шегеледім. Жиналыс осылай тәмамдалды. Евекеңе жолығып, сөйлесіп бара жатыр едім, ұзынбойлы аққұба өңді бір жігіт менімен сыпайы амандасып, «Сізбен сөйлесуге бола ма?» деп өтінді. Міне, осы кездесуден кейін Ақселеу

ды. Одан кейін де бірнеше рет хабарласып, қоймаған соң, «Кристалдар сыры» деген мақала жазып жібердім. Оны алысымен, бір сөзін де өзгертпестен, журналға жариялаймыз деп хабарлады. Мұнысымен қоймай, мені ғылым туралы, оның ішінде физикаға қатысты материал дайындайтын автор етіп алды. Ғылыми тақырыпта қазақша еңбек жазатын қаншама ғалымдарды үгіттеп, мақала жазғызып, журналдың беделін біраз көтерді. Кейін журнал «Зерде» боп өзгерді. Ақселеудің еңбегі сіңген осы журналдан қашанда қазақтың қасиеті аңқып тұрушы еді. 1986 жылғы желтоқсан көтерілісінен кейін, біреулердің қара ниеті кесірінен орнынан алынды. Қазақтығы үшін...

Бірде жұмыс бабымен Алматыға бардым. Ақселеумен жолығудың сәті түсті. «Темеке, мені Білім беру академиясының президенті етіп тағайындады. Физикадан орысша-қазақша сөздік жасап едіңіз ғой, әкеліп берсеңіз, академияның атынан шығарамыз» деді. Кабинетіне апарып, келешекте атқарылатын кең көлемді жоспарымен таныстырды. «Қаншама ғалымдардың басын қосып, келіссөздер жүргізіп жатырмын» деп, ерекше сезіммен баян еткен болатын. Ақселеудің белгілеген жоспарларының, ойлағандарының құрығанда жартысы іске асқанда, ұрпағымыз ұлттық тәрбие, білім алып, қоғамда оң өзгерістер қазірден әлдеқайда көп болушы еді деп ойлаймын. Өкініштісі, ауқымды істері жүзеге аспай қалғандығы. Сол баяғы қазақтың көре алмаушылығы, қызғаншақтығы кедергі болды.

Мен Ақселеудің сол кезде айтқан ойларын айна-қатесіз жеткізе алмаймын. Тіпті, оған шамам да жетпейді. Мұрағатта сақталған қолжазбаларын кейінгі ұрпақ оқып, болашақта жүзеге асыратынына сенемін. Бір таңғалғаным, осыған дейін ойыма келмесе керек, физика, математика пәндері арқылы да жастарға ұлттық тәрбие сіңіруге болады екен. Ең қарапайым мысал: математикада берілетін «А пункті мен В пунктінің арасы неше шақырым» деген есептің мәтінін «Қарқаралы мен Баянауылдың ара қашықтығы», «Жетісай мен Қаратаудың арасы» немесе «Ұлытау мен Арқалықтың ара қашықтығы қанша» деп өзгертіп, есеп шығарылса, оқушының Отанға, ел мен жерге деген сүйіспеншілігі артып, таным көкжиегі кеңейетіні анық.

Кезекті бір жұмысыммен тағы да Алматыға барған сапарымда «кездесейік» деп қолқалағанымен, сәті түспеді. Келесі келгенімде міндетті түрде хабарласуымды өтініп, ақылдасатын шаруа барын: Астанада (Ақмола) ұлттық мұражай ашылатынын айтты. Ендігі

майды. Алтын уақытынды босқа жібермегенің дұрыс болар» дедім. Шын көңіліммен айтқан сөзім болатын. Дегенмен, жобасын бастан-аяқ тыңдауыма көндірді. Ол кісі негізгі ойын - дала мәдениетінің (көшпелілер) түп-тамыры қазақ елінің мәдениетімен сабақтасып жатқандығын ұғындырып, болмысын ашып, кешегісімен бүгінгісінен сыр шертетін, болашақта қандай болатынына хабар беретін жобаны тәптіштеп түсіндіргенде, ауызым ашылып қалыппын. Мұражайдың алдына қойылған мақсат-міндетінен бастап, жәдігерлердің орналасуын, қандай бөлімдерден тұратындығын - бәрін-бәрін анықтап, дәлелдеп берді-ау, жарықтық...

Логикасы інжу-маржандай ағылып тұратын майда сөздері қандай еді?! Ойы мен сөзін, сөзі мен ісін домбыраның қос шегіндей қатар, тең ұстаған адам-ды Ақаң. Ауызекі сөздің, ауызша тарих пен шежіренің асқан білгірі, ұстасы болды. Қандай жағдайда, қай кезде болсын, сөзді қисынмен, әдемілеп сөйлейтін еді. Мысалы, Жәнібек Кәрменов екеуінің теледидардан сөйлеген сөздерінен құдды бір 18-19 ғасырлардағы шешендердің, билердің әңгімелері көз алдыма келетін. Ақселеумен болған әрбір кездесуде бойым сергіп, рахатқа бөленіп қайтатынмын. Дүние саларынан біраз бұрын Қарағандыға келіп, Қазкен, Ақселеу - үшеуіміз кездесіп, талай әңгіменің тиегін ағытып, құлақ құрышын қандырып едік. Сол кезде мен бауырымдай болған Ақселеуімді соңғы рет көріп тұрғанымды сезген де жоқпын... Тағдырдың ісіне шараң бар ма?! Өзекті өртер өкініш пен жанымды жегідей жейтін қимастықпен қала бердім.

«Ақселеу» деген есімінің өзі де ерекше ғой. Жазық далада жайқалып өсетін селеу сияқты, есімінің иесін де «дала философия» деп атауға тұрарлық Алла тағалам оны жай қазақ емес, абыз, дана, ғұлама етіп туғызған ғой.

Тұтас болмыс-бітімінен, ойлауынан, сөйлеген сөзінен, жүріс-тұрысынан, мінезінен бүгінде жоғалып бара жатқан нағыз қазақтың қасиеттері көзге түсетін. Ақ қағаздай болып басталған өмірінің нүктесі ақ өліммен аяқталды...

Абайдың:

Жас қартаймақ, жоқ тұмақ,
туған өлмек,
Тағдыр жоқ, өткен өмір
қайта келмек.

Басқан із, көрген қызық

артта қалар,

Бір Құдайдан басқаның бәрі өзгермек... - деп айтқанын көңіліме медеу, жанымға жұбаныш еткеннен басқа амалым жоқ...

Темірғали КӨКЕТАЕВ,
профессор.